	тиянақтау. Балаларды қыс туралы тапқакты еске сақтап, мәнерлеп жатқы айту тәртібіне үйрету; мнемосызбаны қолдану дағдыларын қалыптастыру; тапқақта кездесетін көркемдеуіш сөздерді өз жауаптарында белсенді қолдануға машықтау; тапқақ шумақтарындағы соңғы сөздердің ұқсастығы мен ұйқастарын есту қабілетін қалыптастыру; байланыстырып сөйлеу біліктерін қалыптастыру; түйсікті, елестетуді, ой-өрісін, эстетикалық сезімдерді дамыту. Балаларды қыс мезгілінің әдемілігін және сөздің көркемдігін байқағыштыққа, шығармашылыққа тәрбиелеу. СӨЗДІК ЖҰМЫС Балалардың сөздік қорға: кекіл, шалқыма ,тоқыма, аппақ құс, тып-тыныш, суық демі сөздері мен сөз тіркестерін қосу. ӘДІС-ТӘСІЛДЕР	геометриялық пішіндерге ұқсастығы туралы түсініктерін жетілдіру; қазақ халқының қолөнер үлгілері жөнінде мағлұматтар беру. Балаларды геометриялық пішіндердің екі топтамасын, бір-бірінің тұсына қоюды, бір-біріне беттестіруді, санын салыстыруды, түстеріне қарамай қасиеттерін ажыратуды үйрету; қоршаған ортадағы заттардың құрылымында геометриялық пішіндерді байқауды, жиын санын санап, санмен белгілеу дағдысын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау, елестету, ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың қолөнер үлгілерінің қасиеттеріне байқағыштықтарын дамыту, үлкенді құрметтеуге, отансүйгіштікке тәрбиелеу. СӨЗДІК ЖҰМЫС Балалардың сөздік қорын: шаршы,	қабілеттерін дамыту, әсемдікті түйсіну сезімін қалыптастыру; бақылағыштыққа тәрбиелеу. Сөздік жұмыс Балалардың сөйлеу тілін: қалың қар, ұлпа қар, аппақ көрпедей сияқты сөздер мен сөз тіркестері арқылы жетілдіру. Әдіс-тәсілдер Бейнежазбаны көрсету, көркемсөз, бейнежазба бойынша кіріспе әңгімелесу, үлгілерді салыстыру, зерттеу, сурет салу амалдарын көрсету, пантомима жаттығуы, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, бағалау, ойлау қабілетіне жаттығу, оқу қызметін пысықтау, мақтау, босаңсу рефлексиясы. 3, Ұлттық әшекейлер мақсаты Балаларды қазақтың ұлттық әшекей бұйымдары және зергер мамандығымен таныстыру; тұзды қамырдан	арттыру; Жаңа жыл туралы түсінік беру. Қыс құбылыстары туралы көркем сөздер мен жұмбақтар негізінде балалардың сөздік қорын молайту; ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын, зейіні мен есте сақтауын, ойлауы мен қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру; бір-біріне мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне және жансыз табиғаттағы құбылыс ерекшеліктерін танып-білсем деген құштарлыққа тәрбиелеу. Сөздік жұмыс "Қырау басады", "өрнек салады", "қырау қатады", "қырау ериді", "күн шуағы", "күн сәулелері", "су тамшылары", "суға айналады" сөздерін пайдалану. Әдіс-тәсілдер	тұратын мезгіл деп тануды үйрету; зейінін, ақыл-ойын, тілін дамыту; байқағыштыққа тәрбиелеу, сұлулықты бағалау қабілетін ояту. СӨЗДІК ЖҰМЫС «Қырат», «шапқылау», «ақ жаулық», «бұрқыратып», «күңгір-күңгір» сөздерінің мағынасын түсіндіріп, қайталап айтқызып балалардың тілін жетілдіру. ӘДІС-ТӘСІЛДЕР Суретті көрсету, аудиожазбаны тыңдау, кіріспе әңгімелесу, сөздік жаттығу, тіл ұстарту жаттығуы, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақта, тапқакты мәнерлеп оқу, көркемсөз, кері байланыс, пысықтау, елестету сәті, дамытушы жаттығу, мақтау, бағалау. 3,Ғажайып орман тұрғындарына үйшік
--	--	---	--	--	---

	Сәлемдесу шеңбері, аудиожазбаны тыңдау, сөздік жаттығу, бейнероликті көрсету, әңгімелесу, тірек суреттер арқылы жаңа сөздермен танысу жаттығуы, көркемсөзді мәнерлеп оқу, тақпақ мазмұны бойынша сұрақтар, балалардың мнемокесте бойынша тақпақты жатқа мәнерлеп оқуы, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау. Сөйлемді дамыту	тіктөртбұрыш, екі қабырғасы ұзын, құрақ көрпе, саны бірдей, екі болды, тіктөртбұрыш пен шаршыны бір-бірінің тұсына саламын (беттестіремін) сөздері арқылы жетілдіру. ӘДІС-ТӘСІЛДЕР Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, затты көрсету, панно алдында және үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында дамытушы жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау. Математика негіздері	сырғаны мүсіндеуге үйрету; мүсіндеудің домалақтау, есу, созу, жалпайту әдістері, пішінге келтіру, түрлі-түсті бояуға тиянақты бояу іскерліктерін жетілдіру; балалардың эстетикалық талғамдарын дамыту; ұлттық әшекей бұйымдарын қастерлеуге тәрбиелеу. Сөздік жұмыс Мүсіндеу іс-әрекетіне қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді «қобдиша», «тұзды қамыр», «ұлттық әшекей бұйымдары», «сырға», «білезік», «алқа», «сақина» сөздері арқылы жетілдіру. Әдіс-тәсілдер Ғажайып сәт, саусақ жаттығуы, үлгіні зерттеу, мүсіндеу тәсілін көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау, «жүректен жүрекке»	Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан қыс және қысқы қырау өрнектері туралы суреттер көрсету, пысықтау, бақылау, аудожазба. Қоршаған ортамен таныстыру.	құрастырамыз мақсаты Балаларға есептеу таяқшаларынан қағаз бетінің оң жағына қоянның үйшігін, сол жағына аюдың үйшігін құрастыруды үйрету; қағаз бетінде кеңістікті бағдарлай білу іскерліктерін дамыту; үлгі бойынша құрастыру амалдарын жетілдіру; үйшіктердің суреттеріне қарап, сол үйшіктің иесін табуды үйрету; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру; басқаларға көмектесуге, қол ұшын созуға тәрбиелеу. Сөздік жұмыс Құрылысқа қатысты іс-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «есептеу таяқшалары», «шаршы», «үшбұрыш», «іргетасы», «қабырғалары»,
--	--	--	---	--	--

			шеңбері. Сурет салу ,Мүсіндеу		«төбесі», «шатыры», «оң жақ», «сол жақ», «аюдың үйшігі», «қоянның үйшігі», «ғажайып орман» сөздері арқылы жетілдіру. Әдіс-тәсілдер Көркем сөз, ғажайып сәт, аудиожазбаны тыңдау, үлгіні зерттеу, кұрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, кинезитерапия, кейіпкермен қоштасу, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау. 4,Дәрумендер мақсаты Балаларды түрлі-түсті майлықтарды жырту және умаждау әдісі арқылы өздері таңдап алған жеміс қимаүлгісінің үстіне желімнің көмегімен жапсыруға, дайын жемістерді қағаздан жасалған себеттің үстіне жапсыруға үйрету; ұжымдық
--	--	--	---	--	--

					жұмысқа ынталандыру; жемістер мен көгөністердің қай жерде өсетіні туралы білімдерін толықтыра отырып, оларды бір- бірінен ажыратуға үйрету; балалардың сөздік қорларын молайту; майлықты жырту, умаждау арқылы қол саусақтары моторикас ын дамыту. Сөздік жұмыс Жапсыру іс-әрекетіне қатысты қимыл- әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді "дәрумендер", "жемістер", "көгөністер", "жеміс қимаулігісі", "жырттым", "умаждадым", "жапсырдым" сөздер мен сөз тіркестері арқылы жетілдіру. Әдіс-тәсілдер Көркем сөз, суретті көрсету, үлгіні зерттеу, жапсыру
--	--	--	--	--	--

					амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, ұжымдық іс-әрекет, дидактикалық ойын, дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау Көркем әдебиет, Жапсыру, Құрастыру.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Әуе көліктерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: әуе көлігі, оның қолданылуы және мақсаты туралы білімдерін кеңейту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қар жауғаннан кейін жолды тазарту.) (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бекіту, жұмыстың нәтижесіне қуану.	Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: құс әлемі туралы білімдерін бекіту; сипаттама бойынша құстарды тану іскерліктерін жетілдіру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қардан құрылыстар жасау). Мақсат-міндеттер: педагогке қардан құрылыс жасауға көмектесуге үйрету; достық қарым-	Қардағы құстардың іздерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: қыстайтын құстар туралы білімдерін кеңейту, қай құстың ізі екенін ажырату; байқағыштық пен зейінділікке тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қардан төбешік жасау). Мақсат-міндеттер: еңбекке деген сүйіспеншілік пен достық қарым-	Қарғаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: қарғамен таныстыруды жалғастыру; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуды тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі жолдарды қар мен қоқыстардан	Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері) Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. Жұмбақ.

	Қимыл-қозғалыс ойындары: "Бұғының үлкен үйі бар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: қозғалысты мәтінмен байланыстыру қабілетін бекіту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: сызықтар арасында жүру (10-15 см). (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: физикалық белсенділікті дамыту және жетілдіру.	қатынасты дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Екі аяз. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыс жасай білуге баулу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: жылан секілді қозғалу. Мақсат-міндеттер: балаларды бірінің соңынан бірі тұрып "жылан" секілді қозғалуға үйрету.	қатынасты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарға - торғай". Мақсат-міндеттер: мұқият тыңдап, бұйрық бойынша әрекеттерді орындау; достық қарым-қатынасты дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: бір кесек қармен нысанаға тигіз. Мақсат-міндеттер: лақтыру күшін дамыту.	тазарту). Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, көпшілдікке тәрбиелеу, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: "жылан" секілді жүгіру іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машықтандыру.	Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру) Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. Еңбек: гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. (еңбек іс-әрекеті) Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. Өз бетімен ойындар: өз құрдастарымен 2-3
--	---	---	--	--	--

					рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай аппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Маса мен аңдар» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Жер кіндігі» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Алтын қарыз» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару. 2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. 3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. 4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу. Төсектен тұрғызу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Хореография Педагог жоспары бойынша	Үйірме «Ұлттық ойындар» Педагог жоспары бойынша	Желілі –рөлді ойындар Т:Зообақ М:Балаларға жабай жануарлар туралы түсініктерін байыту.	«Ертегілер елінде» Тақырыбы: Шалқан	«Қауіпсіздік ережесі» Тақырыбы:Жолаушыл армен жаяу жүргіншілер
Балалармен жеке жұмыс	Азаматқызы Аяла Жаттамақ жаттығуы. Мерекеге шығады, Бүкіл халық, біліп қой. Отандастар ұғады,	Ақиқат Айбар "Шалқан" ертегісін драматизациялау. Мақсат-міндеттер: балалардың театрландырылған шараларға деген	Әлинур Айша "Түлкілер мен тауықтар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіруді, ептілікті дамыту.	Марат Алима "Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны. Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге	Манат Али Саусақ жаттығуы. "Кірпі". Момақанмын алайда (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің

	Тәуелсіздік – ұлық той! (сөйлеуді дамыту)	қызығушылығын ояту. Балаларға арналған міндет: кейіпкерлердің эмоциясын жеткізе отырып, балаларды саусақпен қимылдауға үйрету. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Барысы: бөлменің бір шетінде тауық қорасындағы тауықтар мен әтештер орналасқан. Қарсы бетте тауықтар бар. Тауықтар мен әтештер (үш-бес ойыншы) дәнді дақыл жеп жүргендей бөлме айналасында жүреді. Түлкі оларға жақындағанда әтештер: "Ку-ка-ре-ку!" деп айқайлайды. Бұл белгі бойынша барлығы тауық қорасына жүгіреді, олардың артынан түлкі асығады, ол ойыншылардың кез келгеніне қолын тигізуге тырысады. (дене шынықтыру)	дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсысы ережеге сай және тез жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі. (дене шынықтыру)	жүрісін салады). Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма! (сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш,				

	Сораптамай аппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Еркін рөлдік ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Туған жерім тамаша" тақырыбына көрме ұйымдастыру.	Психолог кеңесі. Мысалы "Ойыншықты дұрыс таңдау" туралы болуы мүмкін. Кейбір ойыншықтардың сырты көз тартатындай болғанымен баланың денсаулығына тигізетін зияны жайында балаға түсіндіру, ұғындыру.	Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту.	"Тәуелсіздік - тірегім" тақырыбында газет көрмесі.	Ата-аналармен әңгіме жүргізу: "Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру керек?"

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Жұлдызша тобы

Балалардың жасы: 4 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 19.12 - 22.12.2023ж.

Педагогтың аты-жөні Коголова .А Ысқақ .Н

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.Балалар көңіл-күйлерін смайлик таңбалауыштары арқылы белгілейді. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	«Баланыздың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?» тақырыбында әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)		"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп». (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият	"Орындықтарды жуу" Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне жәрдемдесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету, оларды дымқыл шүберекпен сүртіп, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени - гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)

		бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. Ұжымда ұйымдасып еңбек етуді үйрету. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге деген ынтаны, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)		
		ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) «Спорт-лото». Мақсат-міндеттер: балаларға спорт түрлерін үйрету, олардың бір-бірінен айырмашылығын танып білу; спортқа деген қызығушылығын арттыру. Ойын атрибуттары: спорт түрлеріне байланысты суреттер. Ойынның барысы: балаларға спорт түрлері салынған сурет карточкасы үлестіріліп беріледі. Оны балалар тиісті суреттермен жабады. Карточканы кім бұрын жауып болса, сол	Санамақ Бір дегенің - білеу, Екі дегенің - егеу, Үш дегенің - үскі, Төрт дегенің - төсек, Бес дегенің - бесік, Алты дегенің - асық, Жеті дегенің - желке, Сегіз дегенің - серке, Тоғыз дегенің - торқа, Он дегенің - оймақ, Он бір - қара жұмбақ. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) "Үй салу" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды үлгіге қарап, үйді құрастыруға машықтандыру; қиялды, зейінді дамыту; ұсақ	"Лото" үстел үсті ойыны (геометриялық пішіндер). Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу. Әр бала бір геометриялық пішінді алып, сол пішінге ұқсас заттар бейнеленген карточкаларды таңдайды. (математика негіздері) "Биік ғимараттар" құрылыс ойыны. Мақсат-міндеттер:	"Қыс мезгілінің суретін құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспей, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады. Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру. Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар). (танымдық дағдылар) "Бояу беттеріндегі суреттерді бояу". Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. Қыс мезгілін бояу. (сурет салу)

		жеңіске жетеді. (сөйлеуді дамыту) Жапсырудан ойын-жаттығу "Шырша ойыншықтары" Мақсат-міндеттер: балаларды шырша және шырша ойыншықтарының дайындамаларын қағаз бетіне орналастырып, жапсыруға үйрету.	моторикасын дамыту. Ойын құралдары. "Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. Тәрбиеші өз ойларынан үйлер құрастыруды ұсыну мүмкін.	Геометриялық пішіндерден, текшелерден мұнара жасау. (құрастыру) "Биік ғимараттар" Міндеттер. "Tig-tag junior" бейнематериалын көрсету. (қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру)	
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу. 1 - қолдарымен иықтарын құшақтап, саусақтарын жұму; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде. 1 - оң аяқты ұшымен алдына қою; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (Осы жаттығу сол жақпен қайталанады, 4 рет). 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу. 1 - 2 - алға еңкейіп, саусақтарын еденге тигізу; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау. 1 - тізені бүгіп, қолымен құшақтап, басын тізесіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 3 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау. Бүгілген аяқтарымен ""велосипед"" тебу, 1-8 сандары аралығында санау арқылы аяқтарын айналдыру; үзіліс жасап, қайта айналдыру. 6. Бастапқы қалып: аяқты қайшылап отыру, қол белде. 1 - денені оң жаққа бұрып, оң қолын жанына жіберу;				

	2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу сол жаққа қайталанады, 4 рет). 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде. 1 - 4 дейін санап, оң аяқпен секіру, 5-8 дейін санап, сол аяқпен секіру, балалар педагогтің санауы бойынша секіру жаттығуларын орындайды, арасында үзіліс жасап, қайтадан секіреді. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Балаларды қолын жуар алдында жеңдерін түріп, бетін су шашпай жууға үйрету; дәретханадан кейін және қажет болғанда қолды жуу мүмкіндігін күшейту. Көркем сөз Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Аяз ата туралы тақпақ жаттау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)	Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)	Шырша туралы тақпақтар жаттау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)	Жасыл шыршаны бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		1.Музыка Педагог жоспары бойынша 2. Дене шынықтыру Педагог жоспары бойынша Математика негіздеріЕң биік шыршаны іздегенде МАҚСАТЫ Балалардың ұғымындағы заттардың биіктігіне қатысты түсініктерін жетілдіру; реттік сан есім туралы түсінік қалыптастыра бастау; заттардың биіктігін саусақпен өлшеп салыстыру тәсілін таныстыру; табиғатты аялау, шыршаны безендіру туралы түсініктерін тиянақтау. Балаларға көлемі үш түрлі заттың биіктігін саусақпен өлшеп, өзара салыстыруды үйрету; заттардың түсі мен түріне қарамастан, оларды топтамаларға біріктіріп санау, заттардың екі тобының санын салыстыру, тең ету дағдыларын жетілдіру; үш түрлі заттардың биіктігінің қасиетін байқап, әрқайсының ерекшелігін сөзбен айту білігін жетілдіру;	1.Қазақ тілі Педагог жоспары бойынша 2,Әдемі көйлек киген Дана Мақсаты Балаларға мерекелік киімді киген Дананың бейнесін салуға үйрету; суретке адам денесінің қарапайым пропорциясын; басы және ұзын етек, жеңі бар көйлекті; бетіндегі көздері мен аузы сияқты ұсақ бөлшектерді салу техникасын қалыптастыру; Қазақстанның Тәуелсіздік Күні туралы білімдерін тиянақтау; көзбен мөлшерлеу, қағаз бетін бағдарлау, зейін қабілеттерін дамыту; патриоттық сезімдерді қалыптастыру; отансүйгіштікке тәрбиелеу. Сөздік жұмыс Балаларға «қоңыр қаз», «оюлар салынған», «етегі ұзын көйлек» сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. Әдіс-тәсілдер Аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, ғажайып сәт, сурет бойынша кіріспе әңгімелесу, үлгіні зерттеу, сурет салу амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру,	1.Дене шынықтыру Педагог жоспары бойынша 2, Жасанған шырша* мақсаты Балалардың жасыл шырша туралы түсініктерін кеңейту; жасыл шыршаның табиғаттың төрт мезгілінде жасыл болатындығын байқау дағдыларын жетілдіру; жасыл шыршаның қасиеттерін білуге деген қарапайым зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын арттыру; Жаңа жылдық сыйлықтар туралы түсінік беру. Шырша туралы көркем сөздер мен жұмбақтар арқылы балалардың тілі мен сөздік қорын молайту; ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын және есте сақтауы мен ойлау қабілетін дамыту. Балалардың оқу қызметінде жасыл шыршаға қызығушылықтарын арттыру; бір-біріне мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне және жансыз табиғаттағы құбылыс ерекшеліктерін танып-білсем деген танымдық белсенділікке	1,Дене шынықтыру Педагог жоспары бойынша 2,Көк тудың желбірегені МАҚСАТЫ Балаларды еліміздің тәуелсіздігі туралы өлеңмен таныстыру, оны жатқа айтуды үйрету; Тәуелсіздік мерекесінің бүкілхалықтық сипатын ұғындыру; көркемсөзді мәнерлеп айта білуге жаттықтыру: Қазақстанның Тәуелсіздігі туралы ұғымдарын кеңейту. Көркемсөздер арқылы балалардың сөздік қорын молайту және дүниетанымын кеңейту; тапқакты жатқа айтқанда еске сақтау қабілеті мен зейінін дамыту. Балалардың Отанға сүйіспеншілігін арттыру; өз еліне құрметпен және мақтанышпен қарау сезімдеріне, елжандылыққа тәрбиелеу. СӨЗДІК ЖҰМЫС «Жайнай бер, Қазақстаным!»,«Көк тудың желбірегені», «Қазақтың асқақ беделі», «Елдіктің асқақ өлеңі», «Әр жаққа тартпай, Қазағым», «Қиырда қалған Қазақтың» сөздерін пайдалану арқылы балалардың тілін жетілдіру. ӘДІС-ТӘСІЛДЕР Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тактадан Қазақстан туралы шағын
---	--	---	--	--	---

		қолдың ұсақ моторикасын, кеңістікті, жазықтықты бағдарлау, көзбен мөлшерлеу, еске сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Балаларды табиғатты аялауға шақыру, зеректікке, шыдамдылыққа, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. СӨЗДІК ЖҰМЫС Жаттығыды орындау барысында: «ең аласа», «биіктеу», «ең биік», «аласалау», «саусақпен өлшеймін», «қосамын», «саны артық», «саны кем», «бірінші», «екінші», «үшінші» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру. ӘДІС-ТӘСІЛДЕР Аудиожазба тыңдау, бейнеролик көрсету, көркемсөз, панно алдында және үстел басында зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, дамытушы жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.	бағалау, сөздік жаттығу, оқу қызметін пысықтау, мақтау, рефлексия. 3, "Байқоңыр" ғарыш айлағы мақсаты Балаларды ермексазды алақанның арасына салып домалатып алғаннан кейін, тігінен есу арқылы шұжық тәріздес пішін шығарып, зымыранның денесін жасауға, оның тұрақтылығын тексеруге, екінші бөліктен де домалатып, шыққан бөліктің басын созып конусқа айналдыруды, зымыранды мүсіндеуге үйрету; бөліктерді бір-біріне біріктіріп зымыранның пішінін беруге үйрету; ғарышкер, ғарыш алаңы туралы білімдерін толықтыра отырып, балаларды түрлі мамандық иелерін құрметтеуге тәрбиелеу. Сөздік жұмыс Мүсіндеу іс-әрекетіне қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді «зымыран», «Байқоңыр», «есемін», «шұжық тәріздес», «ермексазды жұмсартамын», «созамын»,	тәрбиелеу. Сөздік жұмыс "Жаңа жылдық сыйлықтар", "жасанған шырша", "жап-жасыл", "орманда", "қысы-жазы", "түсін өзгертпейді", "Тамаша!", "Керемет!" сөздерін пайдалану. Әдіс-тәсілдер Жұмбақ жасыру, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан жасыл шырша туралы суреттер, әртүрлі ағаштардың жапырақтарының суреттері, пысықтау, аудиожазба, дидактикалық ойын. Қоршаған ортамен таныстыру	бейнебаяннан үзінді көрсету, тақпақты мәнерлеп оқу, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, тақпақ мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау, тақпақты әнге қосып айту, дидактикалық ойын. 3, Балапандарға арналған ұялар мақсаты Балаларға табиғи материалдан құрылыс салуға үйрету, туған жердің құстары туралы білімдерін қалыптастыру, сөздік қорды белсендіру; қоршаған әлемге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Сөздік жұмыс Сөздік қорды белсендіру: "қауырсын", "ұя", "шырылдайды". Осы сөздерді қолдана отырып, жай сөйлемдер құрауды үйрету. (Балапан ұяда шырылдайды) Әдіс-тәсілдер Көркем сөз, таңқаларлық сәт, зерттеу үлгісі, құрастыру техникасын көрсету, сергіту сәті, өзіндік жұмыс, дидактикалық ойын, дайын жұмысты бақылау (бағалау). 4, Оюлы текемет мақсаты Балаларды түрлі-түсті қағаздан
--	--	---	--	--	---

		«жапсырамын» сөздер мен сөз тіркестері арқылы жетілдіру. Әдіс-тәсілдер Жұмбақ жасыру, әңгімелесу, дидактикалық ойын, қызықты мәлімет, үлгіні зерттеу, мүсіндеу тәсілдерін көрсету, саусақ жаттығуы, өздік іс-әрекет, жасалған мүсін үшін мақтау және оқу Сурет салу,Мүсіндеу	текеметті жапсыруға үйрету; сары түсті қағаздың бетіне "қошқар мүйіз" қимаүлгісін қойып, қарындашпен басып, сызық бойымен қиып алып, жасыл түсті тіктөртбұрыштың бетіне қарама-қарсы бағытта жапсыруға үйрету; балалардың қағаз бетін дұрыс бағдарлай алу қабілеттерін дамыту; текемет және ою туралы білімдерін толықтыра отырып, текеметтің ерекшелігін тани білуге, қиялдау қабілеттерін қалыптастыру; таза әрі ұқыпты жұмыс жасауға ынталандыру. Сөздік жұмыс Жапсыру іс-әрекетіне қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді "ою", "қошқар мүйіз", "текемет", "тіктөртбұрыш", "желім жағамын" сөздері мен сөз тіркестері арқылы жетілдіру. Әдіс-тәсілдер Көркем сөз, суретпен жұмыс, үлгіні зерттеу, жапсыру амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, өздік іс-әрекет, қозғалмалы би терапиясы, дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. Көркем әдебиет ҚҰРАСТЫРУ ,Жапсыру
--	--	---	--

Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен		Күннің ұзақтығын байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақал-мәтел. Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ. Бақылау: желтоқсанда күн қысқа, түн ұзақ, соған назар аудару. Балалардың сөздік қорының құрамына көңіл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру. Қимылды ойын. «Бермеймін». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Қалың қар үстінде шеңбер жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады. Балаларды күшті болуға, шыдамдылықпен ойын ережесін бұзбауға тәрбиелеу. Еңбек: ауланы түскен бұтақтардан жинастыруға, тәрбиешіге көмектесуге ынталандыру, әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету. (еңбек іс-әрекеті)	Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай? (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақал-мәтел. Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады. Бақылау: қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Ағаштар жапырақтарын неге түсіретінін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүйеге үйрету. Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету. Қимылды ойын «Аю апанында». (дене шынықтыру) Балаларды әртүрлі бағытта жүгіруге, жылдам	Ағаш пен бұталарды бақылау (ағаштар: қайың, шырша, алма ағашы; бұталар: жұпаргүл, шие). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көркем сөз. «Қарағай». Тау баурайын - жағалай, Биік-биік қарағай. Оқтай түзу бойлары, Шымыр өскен баладай. Бақылау. Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы сұлулығына аудару (жапырақ жоқ). Ағаштың сыртқы түрлерін ажырата білуге жаттықтыру (ағаштың пішіні, бұтаның орналасуы, тамырдың түрі мен сыртқы пішіні); ағаштар: терек, қайың, шырша, гүлшетен, алма ағашы; бұталар: долана, жұпаргүл, шие. Балаларға аяз кезінде	Құстарды бақылау (сары шымшық, бозторғай, сауысқан, торғай, көгершін). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көркем сөз. Шыр-шыр еткен торғайды. Қорғамасаң болмайды, Кіп-кішкентай торғайлар, Бақшамызды қорғайды. Жұмбақ. Қалқып тұрып аспанда, Үн шығарып сан қилы, Өнеріне басқанда, Тұла бойың балқиды. (Бозторғай) Бақылау: құстардың атауын есте сақтау, ұшып келетін құстарды белгілеріне сай ажырата білу (көлемі және түстеріне байланысты). Әр түрлі құстардың қозғалысы мен ерекшеліктерін ескере білуге үйрету (сауысқанның қадамы үлкен; торғай екі аяғымен секіреді; көгершін - жиі, ұсақ қадамдар жасайды т.б.) Құстар ұшып жүргенде немесе отырғанда жақсы көрінеді, егер олар ағаштың бұталарында отырса ажырату қиынға соғады. Құстарға қыста азық табу қиын болатындығын түсіндіру. Оларды қосымша тамақтандырып тұру керектігін түсіндіру. Қимылды ойын «Қарғалар». (дене

		Өз бетімен ойындар: балалардың ойын уақытында бір-біріне деген қарым-қатынасын түзету, қылықтарымен істерін айқындау, өз көзқарасында тұрақты болу; құрдасының ойы мен өзінің ойын сәикестендіріп, ойыншықтарды, рөлді және міндеттерді бөлісудегі қимыл іс-әрекеттерін сыпайы түрде аңғарта білуін дамыту.	қозғалысқа үйрету. Еңбек: бұтақтарды қардан сілкіп тазарту. Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту. (еңбек іс-әрекеті) Өз бетімен ойындар: өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту.	ағаш бұталарының тез сынғыш болатынын түсіндіру. Балаларды ағаштарға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Шаңғы жарысы». (дене шынықтыру) Дыбыс белгісіне көңіл бөлу (шанада отырып, аяқпен итеру; үстінде отырып, колмен итеру). Дене шынықтыру әрекетінде алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатысуға ынталандыру. Еңбек: ағаш және бұта түптеріне қарды үю және еңбектің маңыздылығын білуге үйрету. Жақсы ынтамен еңбектенуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті) Өз бетімен ойындар: алдын-ала ойын тақырыбына келісіп, рөлдерді бөлу, 3-4 баладан тұратын ойын топтарында бастаушылардың қимыл-әрекеттеріне басшылық жасау.	шынықтыру) Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру Еңбек: қыстың күні құстарға далада тамақ беруге баулу. (еңбек іс-әрекеті) Берілген тапсырмаға жауапты болу: өз еңбегіне қанағаттана білу. Өз бетімен ойындар. Балаларға өз рөлдерін және құрбыларының рөлдерінің мазмұнын есте сақтай білуге үйрету; ойын барысында балаларды 2-3 рөлде ойнауға баулу; бағыну, басқару, теңдік қарым-қатынас ережелерін білу.
--	--	---	--	---	--

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Балаларды қолын жуар алдында жеңдерін түріп, бетін су шашпай жууға үйрету; дәретханадан кейін және қажет болғанда қолды жуу мүмкіндігін күшейту. Көркем сөз Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Түскі ұйқы		Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді. Аудио тыңдау. Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Арыстан күшігін асыраған мысық» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Ақ қасқыр» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Мысық, қораз және түлкі» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан	Керуеттегі жаттығулар				

